

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтоған ауылы

Бекітемін
ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі:
А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай-балабақшасы»

Кіші топ «Балапан»

Тақырыбы:

"Көктемгі гүлдер"

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші:

Исахова М

Тексерілді:

А.Тагаева

2025 оқу жылы

Білім беру дағдысы: «Шығармашылық»

Іс-әрекет түрі: Сурет салу

Тақырыбы: «Көктемгі гүлдер»

Мақсаты: Балалардың көркемдік ойлауын, қиялын, қол моторикасын дамыту; табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттыру. Көктемгі гүлдер түрлерімен таныстыру (шалғам, қызғалдақ, құлпынай гүлі)

Дамытушылық: Қол саусақтарын дұрыс қолдануға, түстерді ажыратуға, формаларды салуға үйрету

Құрал-жабдықтар: Түрлі түсті бояулар, фломастерлер, қарындаштар

Қағаз парақтары .Көктемгі гүлдердің суреттері

Сурет үлгілері.Музыка

Іс-әрекет барысы

Тәрбиеші: Кәне балалар, біз бір-біріміздің қолымыздан ұстап,бір-бірімізге күлімдейік! Көктемгі көңіл-күймен шаттық шеңберін жасайық!

Шаттық шеңбер:

Көктем келді, далаға.

Гүлдер шықты жағаға,

Күн шуағын төгеді.

Бізге қуаныш береді!

II. Түсіндіру жұмыстары (балалардың жауаптарымен) ❀

Тәрбиеші: Балалар қазір қай мезгіл?

Көктемде қандай өзгерістер болады?

Қандай гүлдерді білесіңдер?

Балалар, көктемгі гүлдер қандай болады?

Гүлдер қандай түсте болады?

Балалар: Көктем

Күн жылынады

Қызғалдақ, бәйшешек, түймедақ



Қызыл, сары, көк

Тәрбиеші: Бүгін біз өзіміздің көктемгі гүлдерімізді суреттейміз.

III. Дидактикалық ойындар ❖

Ойын 1: «Түстерді тап»

Тәрбиеші: Қарандаршы мына гүлдердің түстері қандай? (Гүл суреттерін көрсетеді.)

Балалар: гүлдің түсін атайды: Қызғылт, сары, көк

Ойын 2: «Гүлді сәйкестендір»

Гүл суреттерін бөлек парақтарға орналастыру.

Балалар бірдей гүлдерді табады, атайды.

IV. Сергіту сәті ♀

Жаттығу: «Гүл секіруі»

Балалар орнында секіреді, қолдарын жоғары көтеріп гүлдейді.

Музыка ойнағанда: гүлдер би жасайды, музыка тоқтағанда – гүлдер тыныш тұрады.



– Қане, гүлдерімізді гүлдей қылдырайық! ❁

VII Шығармашылық орталық. Сурет салу кезеңі ❖

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Қағазды таратады, бояуларды береді.

Балаларға гүл түрлерін көрсету, түсін түсіндіру.

Балалар өз қиялымен гүлді салуға кіріседі.

Тәрбиеші әр баланы бақылап, көмектеседі.

Балалардың әрекеті:

- Қызғалдақ салу
- Сары гүлдер салу
- Жапырақтар мен сабақты қосу

VI. Интеллектуалдық ойын □

Ойын: «Қай гүлге қай түс?»

Ойын шарты: Гүлді көрсету, сол гүлдің түсін айту.

Тәрбиеші : Қызғалдақ қандай түсте болады?

Балалар: Қызыл

VII. Қорытындылау ✨

Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін не салдық?


Балалар: Көктемгі гүлдер

Тәрбиеші Гүлдер қандай болды?

Балалар: Түсті, әдемі

Мадақтау:

- Жарайсындар!
- Сендер тамаша сурет салдыңдар 🌸👏



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы

Бекітемін
ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
А.П.Тагаева



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Кіші «Балапан» топ

Тақырыбы:

"Бауырсақ ертегісі"

(Іс-әрекет сахналау)

Тәрбиеші: Н.Алдасүй
Тексерілді: *А.П.Тагаева* А.Тагаева

2024 оқу жылы

Іс-әрекет түрі: Ертегімен танысу, сахналау

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі

Мақсаты: Балаларды халық ертегісімен таныстыру, кейіпкерлерді ажырата білуге, тыңдай білуге, қимыл-қозғалыс арқылы ойды жеткізуге үйрету.

Міндеттері: Білімдік: «Бауырсақ» ертегісінің мазмұнын түсіндіру

Дамытушылық: Сөйлеу тілін, есте сақтауын, ойлау қабілетін дамыту

Тәрбиелік: Достыққа, сақтыққа, тәртіпке тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Бауырсақ, ата, әже, қоян, қасқыр, аю, түлкі бейнелері

Маскалар немесе бас киімдер ,себет, үстел, мата .Музыка

Іс-әрекет барысы

Тәрбиеші: Балалар, бір-бірімізге күлімдейік 😊

Қол ұстасып, шаттық шеңберін жасайық.

Шаттық шеңбер:

Шеңбер болып тұрайық,

Көңілді біз болайық.

Ертегі елге барамыз,

Бауырсақпен ойнайық!



II. Түсіндіру жұмыстары (балалардың жауаптарымен) ☐☐

Тәрбиеші: Балалар, сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме?

Балалар: – Иә! – Бұл қандай ертегі деп ойлайсыңдар? (Бауырсақты көрсетеді)

Балалар: – Бауырсақ!

Тәрбиеші: – Бауырсақты кім пісіреді?

Балалар: – Әже

– Бауырсақ қандай?

Балалар: Домалақ, сары

Тәрбиеші: Олай болса біз ертегілер әлеміне саяхат жасайтын боламыз. Мен сендерге бауырсақ ертегісін сахналап әңгімелеп беремін.



Тәрбиеші: Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

III. Дидактикалық ойын 🐾

Ойын: «Кейіпкерді тап»

Тәрбиеші: Балалар қарандаршы бұлар кімдер(суреттерді көрсетеді.)

– Бұл кім?

Балалар: Қоян, Қасқыр, Аю,Түлкі

– Қайсысы ең қу?

Балалар: Түлкі ☐

IV. Сергіту сәгі ☐♂☐

«Бауырсақ домалады»

Бауырсақ домаланды – (домалау қимылы)

Қоян шықты алдынан – (секіру)


Қасқыр шықты алдынан – (қорқынышты қимыл)

Аю шықты алдынан – (үлкен қадам)

Ал түлкіге кездесіп,

Құйрығына алданып қалды 🐾

Балалар қимылмен орындайды.



V. Интеллектуалдық ойын □

Ойын: «Дұрыс – бұрыс»

Тәрбиеші: Бауырсақ ұшты ма?

Балалар: Жоқ!

Бауырсақ домалады ма?

Балалар: Иә!

– Түлкі бауырсақты жеді ме?

Балалар: Иә...



VI. Сахналау 🎭

Балаларға рөлдер бөлінеді (қалауына қарай).

Тәрбиеші: Жүргізуші рөлін атқарады.

Тәрбиеші: Ерте, ерте, ертеде ата мен әже болыпты...

Балалар кейіпкерлердің қимылын көрсетеді:

Бауырсақ – домалайды

Қоян – секіреді

Қасқыр – жүреді

Аю – ауыр басады

Түлкі – жай, әдемі қозғалады





VII. Қорытындылау ✨

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз қандай ертегімен таныстық?

Балалар: Бауырсақ

– Бауырсақ неге ұсталып қалды?

Балалар: Түлкіге сенді

Мадақтау:

– Жарайсыңдар!

– Сендер өте жақсы ойнадыңдар, ертегіні тамаша көрсеттіңдер 🙌



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақшасы тәрбиешісі:
А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботақан» топ

Тақырыбы:

«Пішіндер әлеміне саяхат»

(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)


Пішіндер



Үшбұрыш



Дөңгелек



Төртбұрыш

Тәрбиеші: Тулегенова Н
Тексерілді: *А.П.Тагаева*

2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Пішіндер әлеміне саяхат»

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын дамыту, сандар жайлы түсініктерін қалыптастыру, кеңейту, пішіндерді бір-бірінен ажыратуды үйрету, салыстыру, жапыстыру арқылы шығармашылығын дамыту, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, балалардың тілдерін, ой-өрісін, санай білу, санды табу қабілеттерін одан әрі дамыт

Әдіс тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс.

Көрнекілік: 1-ден 10-ға дейінгі сандар, түрлі-түсті қағаздан қиылған геометриялық пішіндер, көрнекі суреттер, ойыншықтар.

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі, шаттық шеңбері.

Тәрбиеші: Балалар, бізге шуағын төккен күнмен, мейірімді жер анамен, қайырымды аспан атамен және бізге келген қонақтармен амандасайық.

Шаттық шеңбер: Сәлем бердік, алтын Күн,
Ашық аспан, саған да.
Сәлем бердік, жер ана,
Сәлем барша адамға!



(Балалар келген қонақтармен сәлемдеседі, орындарына отырады.)

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болмақ. Біз бүгін пішіндер әлеміне саяхатқа барамыз. Сиқырлы кілеммен барамыз.

Тәрбиеші: Кәне, кім айтады, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс айында неше ай болады?
- Қазір қыс айының қай айы?

Балалар, біз пішіндер әлеміне тоңбай тез жету үшін сиқырлы кілеммен ұшып барамыз.

(Есік қағылып топқа қоян кіреді, қолында себеті бар.)

Тәрбиеші: балалар, қарандаршы бізге кімнің келгенін.

Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Тәрбиеші: Келе ғой, қоянжан, сен қайдан келдің?
Біз саяхатқа барғалы жатыр едік, бізбен бірге жүре ғой.
Қолындағы себетте не бар екен?



Қоян: -Балалар, себетімде сендерге арналған тапсырмалар бар, біз оны саяхат кезінде орындаймыз.

Тәрбиеші: Балалар, мына біз отырған кілем жай емес, ол сиқырлы кілем. Осы кілемге отырып біз пішіндер әлеміне саяхат жасаймыз. Жайланып отырындар, көздеріңді жұмындар. Міне біздің сиқырлы кілеміміз де аспанға жайлап қалықтап көтерілді, ұшып барамыз. Айналамызда қалқыған ақша бұлттар, төменде өзен-көлдер, биік таулар, орман, шексіз жазық дала. Міне, пішіндер әлеміне де ұшып жеттік.

(Музыка әуені орындалады)

Тәрбиеші: Көздеріңді ашындар, айналарыңа қарандаршы, не көріп тұрсындар?

Балалар: Сандар, пішіндер, ойыншықтар.

Тәрбиеші: Балалар қоянның себетіндегі тапсырмаларды көрейік.
Қарандаршы, себетте әртүрлі пішіндер бар екен. Осы пішіндермен ойын ойнайық.

I-тапсырма. Дидактикалық ойын:

«Мынау қай пішін?»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді сипап анықтау арқылы айта білу.



II-тапсырма. Оңға дейін санау, тура және кері санау.

Тәрбиеші: -Біз қай санға дейін таныстық?

Балалар: -10-ға дейін.

Тәрбиеші: Тура және кері санау



Балалар сендер сандар туралы тақпақтар білесіңдерме?

Айсезім: Бір дегенің бесік,
Шықтық содан өсіп
Екі дегенім елім,
Өзен тауым көлім.



Нурия: Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ
Екеуін қосып салсақ
Барлығы болды он саусақ.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар.

Тақтадағы тапсырмаға назар аудар



Тәрбиеші: Балалар, тақтада көп сандар бар екен. Санның қасындағы нелер?

Балалар: Пішіндер.

Тәрбиеші:

Балалар, дұрыс қойылған ба?

Қане, қатесін табайық.

5 саны – 6 дөңгелек.

5 санын да 5 дөңгелек болу керек,
біреуін алып тастаймын.

4 саны ше?

4 үшбұрыш болу керек.

3 санының қасында ше?

3 шаршы болу керек.

2 саны ше?

2 төртбұрыш болу керек.

1 санының қасында ше?

1 сопақша болу керек.



Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар!

III-тапсырма. Жолақтардың ұзындығын салыстыру.

Тәрбиеші: Жолақтардың ұзындықтарын ажыратып, түстерін атау.

I V-тапсырма. «Кеністікті бағдарлау»

Сергіту сәті: Жұмыс істеп шаршапты,
Тынықтырған саусақты.
Саусақтарым бес-бестен,
Бәрін қосса он шықты.
Алақанды ашайық,
Көкке пашу пашайық,
Қимылдатып аспанда
Жаттығулар жасайық.



Тәрбиеші: Балалар, мына суретке қарайықшы, мұнда не көріп тұрмыз?

Балалар: Үй.

Тәрбиеші: Бұл пішіндерден құрастырылған үй. Үйдің шатыры қандай пішінге ұқсайды?

-Терезесі қандай пішінге ұқсайды?

Балалар: Үшбұрышқа, төртбұрышқа.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, балалар. Бүгін біз осы пішіндердің көмегімен қоянға үй жасап берейік.

-Қоян нені жақсы көреді?

Балалар: Сәбізді.

Тәрбиеші: Сәбіз көкөніс пе, жеміс пе?



Балалар: Көкөніс.

Тәрбиеші: Түсі қандай? Пішіні қандай?

Балалар: Қызғылт сары, сопақша.

Пішіндерден үй құрастыру және желімдеп жапсыру. Ермексазбен сәбізді мүсіндеу. Екіге бөлінеді:

(Балаларды өнер орталығына шақыру)

I-топ: Үй құрастырып жапсыру.

II-топ: Сәбізді мүсіндеу.



Тәрбиеші: Балалар, үйлер тек адамдарда ғана болмайды, олар аңдар мен құстарда да болады екен.

Қоян: Балалар, сендерге рахмет. Мен сендерден көп нәрсе үйрендім, сендер маған сендермен бірге саяхатқа шыққан қатты ұнады. Мен енді қайтайын.

Тәрбиеші: Балалар, біз енді топқа қайтатын уақыт болды, сиқырлы кілемімізбен қайтайық.

Қорытындылау:

Тәрбиеші: Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі сендерге ұнады ма?

Біз неше сандармен таныстық?

Жолақтардың ұзындықтарын қалай салыстырдық?

Біз қандай пішіндерден үй жасадық?

Пішіндер неге ұқсайды?

Қоянның қандай азығын мүсіндедік?

Балаларды мадақтап, аяқтау.

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



«Али-Аяулым» бөбекжай-
балабақшасы тәрбиешісі:
» А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботақан» топ

Тақырыбы:

'Шынықсан шымыр боларсын'

(спорттық сайыс)

Тәрбиеші: **Жусипова Х**
Тексерілді: **А.Тагаева**

2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боларсың!»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау.

2. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

3. Салауатты өмір салтын насихаттау.

Түрі: Эстафеталық жарыс

Қажетті құралдары: Үлкен доптар, кедергілер, шелектер, шығыршықтар.

Өтілу барысы:

1. I. Ұйымдастыру бөлімі

Жүргізуші:

Шынықсаң шымыр боларсың,

Сауығып айдай толарсың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боларсың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға

Болмасаң да ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

Әуенмен спортшыларымызды қарсы алу.

1. II. Негізгі бөлім

Жүргізуші: Құрметті қонақтар мен жарысқа қатысушылар, жанкүйерлер бүгінгі «Шынықсаң шымыр боларсың» спорттық сайысымызға хош келдіңіздер! Көңілді жарысқа ересек топ балалары 2 топ бөлініп қатысады.

Жүргізуші: Жарысқа қатысатындарды шақырамыз,

Әр таңды бақытпенен атырамыз.

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға,

Жылдам да шапшаң,

Спортшыларымызды ортаға шақырамыз.

(әр топ сап түзеп, орындарына келіп тұрады)

1. «Жалын» тобы,

2. «Шымыр» тобы



Жүргізуші: Ал, құрметті халайық!
Жарысты енді көріңдер.
Әділ қазы алқасы,
Әділ баға беріңдер!

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1. Балабақшамыздың меңгерушісі: Айзада Тагаева
2. Балабақшамыздың медбикесі: Жадра Айтова
3. Балабақшамыздың тәрбиешісі: Н.Тулегенова

Жүргізуші:

Таза ауа, спорт болсын дәріміз,
Еңбек етіп келгенінше әліміз.

«Алға» — деген бір – ақ мақсат ұстанып,
Сайысқа аттанайық бәріміз!

Спорттық сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

Әр топ төмендегі турлар бойынша сайысқа түседі:

1. «Өз тобыңды таныстыр»
2. «Кім жылдым»
3. «Кім епті»
4. «Көңілді старт»
5. «Қырықаяқ»

Әр кезеңнен кейін әділқазылар өз бағаларын береді.

Жүргізуші: Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

Өнер қуып топ өтер дейміз,

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа келген топтар кезектесіп,

Таныстырып өздерін кетер дейміз.

Жүргізуші:

1 - тур: «Өз тобыңды таныстыр»

Олай болса, ортаға «Жалын», «Шымыр», топтарын ортаға шақырамыз.



«Жалын» тобы

Таныстыру:

Жалындаймыз, жанамыз,
Біз спортшы боламыз!
Әрқашан біз мықтымыз,
Бәрін жеңіп шығамыз.



«Шымыр» тобы

Таныстыру:

Шынықсаң шымыр боласың,
Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың



Әділ - қазыларға сөз береміз!



Жүргізуші:

Ойнайық, ойнайық та ойлайық!
Қатардан артта қалып қоймайық,
Белсенді болайық ортада,
Уақытты тектен - тек жоймайық!
Олай болса, екінші турымызға өтеміз.

2 - тур: «Кім жылдам»

Ойынның шарты: Топ мүшелері үлкен резеңке доптың үстіне отырып кедергі арасымен айнала секіре өтіп, кері айналып қайту.

Әділқазылардың бағасы.



Әділқазылардың бағасы.

3 - тур: «Кім епті»

Ойынның шарты: шығыршық астымен өтіп және еңбектеп өтіп бірінші мәжеге жету.



Әділқазылардың бағасы.

4 - тур: «Көңілді старт»

Ойынның шарты: Екі топ шеңбер ішіндегі доптарды жатып бір-біріне беру арқылы кім бірінші көп доп жинайды.

Әділқазылардың бағасы.



5 - тур: «Қырықаяқ»

Ойынның шарты: Балалар топ мүшесінің артына тіркесіп кедергілерді айналып, кері қайтып келеді.

Әділқазылардың бағасы.



III. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден -

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол -

Еңбектену, жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей,

Тараса бізге жарады, —

демекші, сайысымыздың жеңімпаздарын анықтайтын да уақыт келіп жетті.

Ендеше, барша турдың қорытынды бағасын есептеп шығарып, марапаттау сөз әділқазылар алқасына беріледі.

Әділқазылар алқасының шешімі дайын болғанша барлығымыз «Көңілді жаттығу» биін билейік

Жеңімпаздарды марапаттау.

(Әділқазылардың ұпайларын тындау)

I орын – «Шымыр» тобы

II орын – «Қыран»

Жүргізуші:

Құрметті ұстазымыз!

Бір тілек айтарымыз,

Берекелі заман болсын,

Балаларымыз аман болсын!

Жиырма бірінші ғасырда,

Ашық аспан астында,

Денсаулықтарыңыз мықты болсын!


Жанұяларыңыз қуанышқа толсын!

Бүгінгі «Шынықсаң шымыр боласың» жарысын,

Осымен аяқтаймыз!

Қатысқандарыңызға көп - көп рахмет!

Жақсылықта, амандықта жүздескенше!!! Сау болыңыздар!.....



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботақан» топ

Тақырыбы:

«Өнер көзі халықта»

(ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші: Санай А
Тексерілді: *Т.Т.* К.Тагаева

2025оқу жылы

Тақырыбы: «Өнер көзі – халықта»

Білім беру дағдысы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған іс-әрекет: «Қазақ халқының өнерімен танысу»

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық өнерімен, қолөнерімен, ән-күйімен таныстыру. Халық өнерін құрметтеуге, әсемдікті бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларға ою-өрнек түрлерін, ұлттық аспаптарды, қолөнер бұйымдарын көрсету арқылы танымдық дағдыларын дамыту.

Көрнекілігі: Қазақтың ұлттық киімдері, домбыра, суреттер, ою-өрнек үлгілері, кілем, кесте, ағаштан және күмістен жасалған бұйымдар.

Шаттық шеңбері:

Атамыз қазақ өнерлі,

Ән мен күйді қастерлі.

Біз де өнер үйренем,

Ел дәстүрін сүйеміз.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз ерекше сабақ өтеміз. «Өнер көзі – халықта» деген сөзді қалай түсінесіңдер? (Балалардың жауаптары тыңдалады.)

– Халық өнері – біздің ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Ол ән-күй, би, сурет, қолөнер сияқты көптеген түрлерге бөлінеді.



Тосын сәт:



Топқа ұлттық киім киген қонақ (тәрбиеші немесе басқа қызметкер) кіріп келеді. Қолында домбыра немесе қолөнер бұйымы бар.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мынау менің әжемнен қалған домбырам, ал мынау кестелі орамал. Сендерге өнердің сырын ашқалы келдім

Домбыра үнімен шағын күй тыңдату.

Тәрбиеші: Балаларға ою-өрнек түрлерін көрсету, олардың атауларын айту (қошқар мүйіз, түйе табан, т.б.).

Балалармен шағын ойын

«Оюды тап» ойыны – үстел үстіндегі оюларды суретпен сәйкестендіру. (Ортаға кілемше жайылып, үстіне кубик қойылады.)

Тәрбиеші: Мынау кубикте түрлі оюлар бейнеленген. Әр бала кубикті лақтырады да, түскен оюды кілемшеден тауып, тапсырмасын орындайды.

1.Жүрек оюы:

Балалар жүректі тауып, қолын жүрек тұсына қойып:

– «Мен достарымды жақсы көремін!» – дейді.

2.Қошқар мүйіз:

Балалар мүйізді тауып, қолын екі жағына жайып:

– «Мен күшті әрі мықтымын!» – дейді.

3.Күн оюы:

Балалар күнді тауып, қолын жоғары көтеріп секіріп:

– «Мен жарқырап күлемін!» – дейді.

4. Құс қанаты:

Қанатты тауып, қолын қағып:

– «Мен қанат қағып ұшамын!» – дейді.

5. Тұмарша:

Балалар тұмаршаны тауып:

– «Мен батылмын!» – дейді.

6. Жапырақ:

Жапырақты тауып, терең дем алып:

– «Мен таза ауаны жақсы көремін!» – дейді.



«– Жарайсыңдар, балалар! Бүгін біз ою-өрнектердің сырын білдік, ойын ойнадық. Әр оюдың өз мағынасы бар екенін үйрендік. Енді біз де әдемілікті, достықты, батылдықты бойымызға жинайық. Мен таза ауаны жақсы көремін!» – дейді.

Шығармашылық жұмыс.

Тәрбиеші: Балалар, біз ою-өрнектер туралы көп білдік, ойнадық, көңіл көтердік.

Ал енді қанеки, өзіміз кішкентай шеберге айналайық!

Әрқайсың қолдарыңа түрлі-түсті қарындаштар мен бояулар аласыңдар.

– Сендерге қағазға дайын оюдың жартысы салынып беріледі, сендер оны жалғастырып саласыңдар.

– Кім қаласа, өз ойынан жаңа ою ойлап табуына болады



Тәрбиеші: Мынау қандай әдемі жүрек оюы болыпты!

– Қарандаршы, мына балапанымыз күн сияқты жарқыратып салып жатыр.

– Нағыз өнерлі қолдар сендерсіңдер!

Жұмыс біткен соң балалардың суреттерін тақтаға іліп, кішкентай көрме ұйымдастыруға болады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Міне, біздің топтағы кішкентай шеберлердің жасаған «Ою-өрнек көрмесі» дайын болды. Қазақтың оюлары сендердің қолдарыңда жаңарып, әдеміленіп шыға келді.

Қорытынды:

– Балалар, бүгін біз нені үйрендік?

– Өнерді сақтау – оны болашаққа жеткізу екенін ұмытпайық.

Мадақтау .

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



Бекітетін
ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
А.П. Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботақан» топ

Тақырыбы:

«Ауа өмір тынысы»

(ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші: **Жорабай Л**
Тексерілді: *Иль* **К. Тагаева**

2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Ауа өмір тынысы»

Мақсаты: Балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Ауаның адам өмірінде маңыздылығы туралы түсінікті кеңейту.)

Білім беру дағдысы: Денсаулық, Таным.

Әдіс-тәсілдері: Практикалық (тәжірибе- ойын, ойын-эксперимент, дидактикалық ойын.

Көрнекіліктер: шар, целофан қалта, түтікше , пластик стакандар, лентта, су, салфетка, банка, желпуіш, леген, ермек саз, сабын көпіршіктер.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұжымдастар мен балалар!

Бүгін біз адамзатқа ең қажетті, бірақ көзге көрінбейтін қазына «Ауа өмір тынысы» атты ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастаймыз.. Балалар алдымен барлығымыз амадасып алайықшы.

Шаттық шеңбер:

Ауа- өмір тыныс,

Ауа- тіршілік нұры.

Табиғатты қорғайық,

Таза болсын әр күн!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар.

Ауа – Жер бетіндегі барлық тіршілік иелері үшін ең маңызды табиғи факторлардың бірі. Ол көзге көрінбейтін, иіссіз, дәмсіз болғанымен, тіршіліктің негізгі көзі болып саналады. Адам, жануар, өсімдік - барлығы ауамен тыныс алып, өмір сүреді. Сондықтан ауаны «Ауа өмір тынысы».

Тәрбиеші: Балалар, осы бөлмеде не өте көп, бірақ оны біз көрмей тұрмыз?

Қалай ауаны көріп, сезе аламыз?


Балалар ауаны көріп білу үшін, бірнеше қызықты ойындар және тәжірбиелік эксперимент жасап көрейік.

1.ойын-эксперимент «Ауаны іздейік»

Біздің айналамызда ауа бар. Ол бізге көрінбей тұр, оны қалай табамыз. Ол үшін бәрің терең дем алып, демді қайта шығарыңдар.

-Не жұтып, нені шығардыңдар?

-Ал оны көрдіңдер ме?



-Адам ауасыз өмір сүре алмайды. Тыныс алу, тыныс шығару жолдары арқылы ауа өкпеге барады, өкпедегі жіңішке түтікшелер арқылы қанға барады, өкпедегі жіңішке түтікшелер арқылы қанға өтеді де, ал ондағы зиянды, керек емес ауаны сыртқа шығарады.

2.ойын-эксперимент «Ауаны көру үшін, оны ұстап ал»

Ауа бөлмеде көрінбейді. «Ауаны көру үшін, оны ұстап ал» тәжірибесін жасайық.

Целофан қалтаны балаларға таратып, ішіне ауа толтырып аузын бекітуін айту. Ауа толған қалта жастыққа ұқсайды. Енді қалта аузын шешіп, ауаны жіберейік кішкене, бос болып қалды. Осылай 2-3 рет жасаймыз.



-Қалта қандай көлемде? Қалтада не бар?

-Біз не туралы білдік? Ауаның түсі бар ма екен?

3.ойын-эксперимент «Көңілді көпіршіктер»

Стакандағы суға түтікше арқылы үрлейді.

— Нені байқадық?

— Ол ауа қайдан келді?

— Ауа көпіршіктері қайда кетті?

Себебі ауа суда жеңіл

Балалар, маған Білгішпек тағы да ауаның с болатын.



4. ойын-эксперимент «Салыстыр». Соны жасап көрейік.

Екі апельсин алып, біреуін қабығын аршып, екіншісін қабығымен су толтырылған екі банкіге саламыз.



Бір банкіде апельсин батып кетеді, екіншісі қалқып тұрады.

-Бұл қалай болды? Қане кім айтады?

Қане, балалар «Батады-батпайды» ойынын ойнайық.

Шарты: Мен бір затты көрсетемін, егер батса орындықта отырып, «бүлк-бүлк» деп айтамыз, егер батпаса орнымыздан тұрып «шылп-шылп» деп айтамыз.

Пайдаланатын құралдар: қасық, пробка, ермексаз бөлігі, ағаш, шеге, диско, шарик, пластик ойыншық т.б

Жарайды балалар, серігіп қалдыңдар ма?

Ал енді ауаның тағы қасиеті, иісі болады ма? Қалай ойлайсыңдар?

Мысалы: апаларың асханада тамақ дайындаса, тәтті тоқаш, пирог, т.б пісірсе-иіс шығады ма?

Немесе бақшада, орманда, ағаштардың арасында.

Әрине, ауаға араласқан өзіне тән иістер болады.

-Ал өздерің отырған бөлмеде иіс барма?

Менің қолымда апельсин қабығы салынған қалта бар. Осыны иіскеп көріңдер? Ненің иісі шығады?

Ия, өйткені бұл қалтада апельсин болған. Сондықтан апельсин иісі бар ауа болған.

Ауа-түссіз, жеңіл, иіссіз екенін білдік балалар.

Ауаның қозғалатынын бақылайық.

5. ойын -эксперимент «Шарды ауаға толтыру»

Әр балаға шар таратылады. Шарды үрлеп ауаға толтыруды айтады.

Кімде қанша ауа бар?

Қане өздерің салыстырыңдар.

Бір шарды көбірек үрлеп, оның жарылып қалғанын көрсетіп, неге олай болғаның жауабын өздеріңнен сұрау.



Қорытынды :

Тәрбиеші: Енді жаңа үрлеген шарларыңдағы ауаны жәймен босатып шығаруын сұрайды. Дыбыс бар ма? Шығып жатқан ауаға алақандарыңды тигізіңдер. Не сездіңдер?

Міне, балалар, бүгін сендер топта отырып, онсыз өмір, тіршілік болмайтын ауаның қыр-сырымен таныстыңдар. Ауа – бізге берілген аманат.

Таза ауа – денсаулық кепілі!

Табиғатты қорғайық! Ауаны аялайық!

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



Бекітемін
ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
«*А.П. Тагаева*» А.П. Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Кіші «Балапан» топ

Тақырыбы:

"Әуенмен қимыл"

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)



Тәрбиеші: Амирзадаева Э

Тексерілді: *М. К. Тагаева* К. Тагаева



2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әуенмен қимыл»

Білім беру дағдысы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған іс-әрекет: «Дене тәрбиесі»

Мақсаты: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл қозғалысын іс-әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ қол, кеуде бұлшық еттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту. Балаларды еептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ойын, бейнетаспа аңдар туралы, суреттер, орман суреті.

Қолданылатын әдіс –тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, көрнекілік, саяхат.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдерме балалар! Бүгін біз сендермен жануарлар әлеміне саяхат жасаймыз. Балалар менің соңымнан жүріп, барлығымыз іс-қимылдар жасаймыз. Ең алдымен қонақтармен амандасып, барлығымыз шаттық шеңбер жасайық.

Шаттық шеңбер: Біз балдырған баламыз.

Құстай қанат қағамыз,

Дүниені аралап.

Оқып білім аламыз.



Тәрбиеші: Балалар орманға саяхат жасамас алдын орман аңдарымен танысып алайық.



Балалар біз орманға келіп қалдық, әне аспанда құстар ұшып жүр . Бізде де құстар сияқты қанатымызды қағып көрейікші.



Қимылдар:

Қолдарын екі жаққа жайып, қанат секілді қимыл жасайды.

Жеңіл секіреді.

Биіктен төменге «қалықтау» қозлалыстары.

Тәрбиеші: Үлкен аю орманда жүр қараңдаршы. Ол ауыр басып келеді. Кәне аю сияқты жүріп көркейік



Қимылдар:

Балалар ауыр әрі жай қадам жасайды.

Қолдарын денесінің алдына, қойып «аюдың» табанын салады.



Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Сендер қандай ақылды балаларсындар аюдың табанын өте жақсы салдыңдар.

Қорытынды:

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз құстың, қоянның, аюдың қандай жүретінін қимылдар арқылы үйреніп алдық. Осымен бүгінгі іс-әрекетімізді аяқтаймыз, сау болындар.



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы

Бекітемін

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Кіші «Балапан» топ

Тақырыбы:

"Күмдағы қазына"

(ащық ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші: Амирзадаева Ә
Тексерілді: *Т.П.* К.Тагаева

2026 оқу жыл



Тақырыбы: «Құмдағы қазына»

Мақсаты: Балалардың сенсорлық қабылдауын дамыту, құммен әрекет арқылы ізденушілік қабілетін арттыру, ұсақ моториканы жетілдіру.

Қажетті құрал-жабдықтар: құм салынған үлкен контейнер (таза, құрғақ құм)

ұсақ ойыншықтар: машинка, доп, сақина, қасық, жануарлар (5–8 дана)

күрекше, қасық, стақан, қалыптар

елеуіш (1–2 дана)

«қазына сандығы» (кішкентай қорап/себет)

сулық, алжапқыш (қалауыңызша)

көңілді музыка (фон)

Ұйымдастыру кезеңі (1–2 минут)

Тәрбиеші:

Балалар, біз бүгін ерекше ойын ойнаймыз!

Қараңдаршы, мынау не? (құм)

Құм қандай? (жұмсақ, сусымалы)

Құмда бізге бір қазына жасырылыпты!

Іздеп табамыз ба?

Қауіпсіздік ережесі (қысқа):

құмды ауызға салмаймыз;

көзге шашпаймыз;

қолымызбен ақырын ойнаймыз.



Қызығушылықты ояту (2 минут)

Ойын: «Сәлем, құм!» (сенсорлық танысу)

Балалар құмды қолымен ұстайды.

Тәрбиеші сұрақтары:

Құмды ұстап көрейік, қандай екен?

Саусағымызбен сипайық.

Құмды алақанымыздан төгейік.

(сусылдап төгіледі)

Сенсорлық даму:

тактильді сезіну, қолдың қимылы.



Зерттеу әрекеті (5–6 минут)

Зерттеу: «Құм қалай төгіледі?»

Тәрбиеші көрсетеді: құмды стақанға салып төгеді.

Балалар қайталайды.

Тәрбиеші:

Құм төгіледі ме? (иә)

Құм сусымалы ма? (иә)



Зерттеу: «Елеуішпен елейік»

Балалар елеуішпен құмды елейді.

Тәрбиеші:

Құм елеуіштен өтті ме?

Ал ойыншық өтпейді ғой, иә?

Зерттеу дағдысы: бақылау, салыстыру



Негізгі бөлім (6–8 минут)

Негізгі ойын: «Құмдағы қазына»

Құмның ішіне алдын ала ойыншықтар жасырылған болады.

Тәрбиеші: Балалар, құмның ішінде қазына бар!

Қазына табу үшін біз не істейміз? (қазамыз)

Балалар күрекшемен немесе қолымен құмды қазып, ойыншық табады.



Тәрбиеші қолдауы

«Қаз, қаз!»

«Таптың ба?»

«Не таптың?»

«Машина! Доп! Аю!»

Тапқан ойыншықты қазына сандығына салады.

Дағды: іздеу, табу, ұсақ моторика, зейін.

Қимылды ойын (1–2 минут)

Сергіту сәті: «Қазына іздейміз!»

(музыкамен)

Тәрбиеші қимылмен көрсетеді:

Қазамыз-қазамыз (қолмен қазу)

Табамыз-табамыз (қуану)

Сандығымызға саламыз (қорапқа салу)

Қолымызды қағамыз (құмды қағу)

Сенсорлық бекіту (2–3 минут)

Дидактикалық ойын: «Үлкен–кіші қазына»

Тәрбиеші екі себет қояды:

Үлкен ойыншықтар

Кіші ойыншықтар

Балалар тапқан заттарын мөлшеріне қарай бөледі.

Тәрбиеші:

Қайсысы үлкен? Қайсысы кіші?

Үлкенді мына себетке салайық.

Сенсорика: көлемді ажырату, салыстыру



Қорытынды бөлім (1–2 минут)

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз не істедік?

Қайдан қазына таптық? (құмнан)

Қандай ойыншық таптың? (доп, машина...)

Балаларды мадақтау:

Жарайсындар! Сендер нағыз қазына іздеушілерсіңдер!

Тазалық дағдысы:

Сулықпен қол сүрту / қол жууға бағыттау.

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтаған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай
балабақша мекемесінің
меңгерушісі:
А.П.Тагаева

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы»

Ересек «Ботакан» топ

Тақырыбы:

«Жаксылык жасау – жүрек жылуы»

(ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші: Исахова М
Тексерілді: *А.П.Тагаева* А.Тагаева

2023 оқу жылы

Білім беру дағдысы: «Қоршаған орта»

Тақырыбы: «Жақсылық жасау – жүрек жылуы»

Мақсаты: Балаларды мейірімділікке, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Жақсылық жасау жолдарын түсіндіру, жақсы істерді танып, өз ісінде қолдануға үйрету.

Сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін, шығармашылық және эмоциялық дағдыларды дамыту

Күтілетін нәтиже: Балалар жақсылық пен жамандықты ажырата біледі.

Қоршаған ортаға қамқорлық танытады.

Өз ойын ашық айтып, жақсы сөз айтуға, жылы қарым-қатынас жасауға дағдыланады.

Іс-әрекет кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Мақсаты: балалардың назарын шоғырландыру, жылы көңіл-күй қалыптастыру.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз ерекше күн өткіземіз. Біздің тақырыбымыз – «Жақсылық жасау – жүрек жылуы»

Балалар бәріміз орнымыздан тұрып бір-бірімізге жылы сөздер айтып жылулық шеңберін құрып алайық.

Жылуық шеңбері : Бір-біріңе күлімдеп қарап, жақсы сөз айтындар:

«Сен әдемісің!»

«Сен ақылдысың!»

«Сен мейірімдісің!»

Жарайсындар балалар!



Тәрбиеші: Кәне кім қандай тақпақ біледі ?

Нурия: Жақсылық қыл, жас достым,
Жақсылықта бар күш тым.
Жақсылыққа үйреніп,
Жамандықтан алыс жүр!



II. Негізгі бөлім

1 □ Әңгімелесу (Ойлану және сөйлеу дағдысы)

Тәрбиеші: Балалар, жақсылық деген не?

– Қандай жақсы істер жасай аласындар?

Балалардың жауаптары:

– Үлкенге көмектесу.

– Досыма ойыншық беру.

– Гүл егу, жануарларға қамқор болу.

Тәрбиеші Иә, балалар, жақсылық – бұл үлкен жүректен шығатын ізгі іс.

Ертегі тыңдау және талдау (Ойлану + эмоциялық дағды)

Ал балалар мен сендерге жақсылық пен жамандық ертегісін оқып беремін мұқият тыңдаңдар. Бір ауылда екі дос өмір сүріпті — біреуі үнемі жамандық ойлап, екіншісі әркез жақсылық жасаған екен. Бір күні Жамандық орманда адасып қалады. Сол кезде Жақсылық оны тауып алып, үйіне жеткізіпті. Содан бері Жамандық та өзгере бастапты.



Сұрақтар: Ертегі не туралы?

Кім қандай іс жасады?

– Біз ертегіден не үйрендік?

3 □ Сергіту сәті (Қимыл-қозғалыс дағдысы)

Қимыл ойыны: «Жақсылық шеңбері»

Музыка әуенімен балалар бір-біріне мейірім білдіретін қимылдар жасайды:

Күлімдеу ☺

Қол бұлғау 🖐

Құшақтау □

Жүрек бейнесін жасау ♥ □

4 □ Ойын: «Жақсы іс таңда!» (Ойлану және сөйлеу дағдысы)

Мақсаты: Жақсы және жаман іс-әрекеттерді ажырата білу.

Тәрбиеші суреттер көрсетеді:

Балалар іс қимылмен көрсетеді.

1. Бала гүлге су құйып жатыр
2. Бала ойыншық лақтырып жатыр
3. Бала қарт әжеге көмектесіп жатыр
4. Бала достарын итеріп жатыр

Тапсырма:

– Қайсысы жақсылық, қайсысы жамандық?

– Неліктен?



5 □ Шығармашылық жұмыс

Тапсырма: «Жақсылық ағашы» 🌳

Балалар түрлі-түсті жүрек пішіндерге өздерінің жақсы істерін суреттеп немесе жазып, «Жақсылық ағашына» іледі.



Мысалы: «Мен анама көмектестім»

«Мен досыма ойыншық бердім»

«Мен қарт апаға су бердім»

III. Қорытынды бөлім

1 □ Мақал-мәтелдер айту:

Жақсылық қылсаң, өзің үшін.

Жақсылық ексең, жақсылық орасың.

Жақсы сөз – жанға қуат.

3. Қорытынды әңгіме:

– Балалар, бүгін не үйрендік?

– Кімге жақсылық жасай аламыз?

– Жақсылық жасағанда қандай сезімде боласындар?

Балалар жақсылықтың мәнін түсініп, жүректен шыққан ізгі істердің адамды бақытты ететінін ұғынады.

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтоған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай-балабақшасы»

Кіші топ «Балапан»

Тақырыбы:

"Сюжеттік желі ойындары"

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)



Тәрбиеші: Тоққұлиева А

Мехсерізгі: Аял А. Тагаева

2024 оқу жылы

Тақырыбы: Сюжеттік желі ойындары

Мақсаты:

Балаларды қарапайым сюжеттік ойындарға қатыстыру, ересектердің іс-әрекетін ойын арқылы қайталауға үйрету.

Міндеттері:

Сюжеттік ойынға қызығушылығын арттыру

Сұрақтарға қысқа жауап беруге үйрету

Қиялын, ойлауын, тілін дамыту

Бірге ойнауға, кезек сақтауға тәрбиелеу

Құрал-жабдықтар:

Қуыршақ

Ойыншық ыдыстар

Машина

Жұмсақ ойыншық

Себет

Музыка

ІС-ӘРЕКЕТ БАРЫ

Тәрбиеші: Балалар, бәріміз шеңберге тұрайық □

– Бір-бірімізге күлімдейік, алақанымызды соғайық.

Шаттық шеңбер :

Бірге ойнаймыз бәріміз,

Қуанышқа толамыз.

Дос боламыз әрдайым,

Көңілді күн құрамыз!

Тәрбиеші:

– Балалар, ойын ойнағанды жақсы көресіңдер ме?

Балалардың жауабы:

– Иәә!

II. Түсіндіру жұмыстары (әңгімелесу)





Тәрбиеші:

- Балалар, бүгін біз ойыншықтармен қызықты ойын ойнаймыз.
- Қуыршақ не істейді деп ойлайсындар?

Балалардың жауаптары:

- Ұйықтайды
- Тамақ ішеді

Тәрбиеші:

- Ал машина не істейді?

Балалардың жауаптары:

- Жүреді
- Дыбыс шығарады
- Ойыншықтар да біз сияқты әрекет жасайды. Біз соларға көмектесеміз.

III. Сюжеттік желі ойын

«Қуыршақты күтеміз»

Тәрбиеші: Қуыршағымыз аш болып қалыпты.

- Оны тамақтандырайық.

Балалардың әрекеті:

Қуыршақты тамақтандыру, қасық беру, су ішкізу.

Балалардың сөздері:

- Мә, іш
- Дәмді



IV. Сергіту сәті (тәрбиешінің қатысуымен) ♪ Музыкамен

Қуыршағымыз тұрады,
Қолын, аяғын жазады.
Біз де бірге қайталаймыз,
Қуанып секіреміз!
(Балалар қол көтеріп,
отырып-тұрып қимыл жасайды)



V. Интеллектуалдық ойын

1□. «Кім не істейді?»

Тәрбиеші: Машина не істейді?

Балалардың жауабы: Жүреді 🚗

Тәрбиеші: Қуыршақ не істейді?

Балалардың жауабы: Ұйықтайды ☹️

✓ ойлау

✓ есте сақтау

✓ байланыстыру



VI. Дидактикалық ойын

2□. «Ойыншықты орнына қой»

Шарты: Балалар ойыншықтарды өз орнына қояды.

Тәрбиеші:

– Машинаны қайда қоямыз?


– Қуыршақты қайда жатқызамыз?

Балалардың жауаптары:

– Сөреге

– Төсекке






VII. Қимылды сюжеттік ойын

«Машинамен серуен»

Балалар машина болып, бөлме ішінде жүреді, тоқтайды.

Тәрбиеші:

- Машина жүрді ☞
- Машина тоқтады ☐



VIII. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз не істедік?

Балалардың жауаптары:

- Ойнадық
 - Қуыршақты күттік
- Мадақтау:
- Жарайсыңдар!
 - Сендер өте ақылды, мейірімді балаларсыңдар ✨👏



Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтоған ауылы

Бекітемін

«Али-Аяулым» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

» А.П.Тагаева




ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай-балабақшасы»

Кіші «Балапан» тобы

Тақырыбы:

"Құмырысқалар секілді еңбектейміз"

(ұйымдастырылған іс-әрекет)



Тәрбиеші: Досанбаева Ж

Тексерілді: А.П.Тагаева

2023 оқу жылы

Білім беру дағдысы: Дене шынықтыру

Тақырыбы: «Құмырсқалар секілді еңбектейміз»

Мақсаты: Балаларды еңбектеуге үйрету, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту, ойын арқылы қызығушылығын арттыру.

Міндеттері: Еңбектеу қимылын дұрыс орындауға үйрету

Қол-аяқ бұлшық еттерін дамыту, тепе-теңдік пен икемділікті қалыптастыру.

Ойын арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Құрал-жабдықтар: Құмырсқа суреттер, жұмсақ төсеніштер,

кішкентай қапшықтар немесе «дәндер» шеңберлер, музыка

ІС-ӘРЕКЕТ БАРЫСЫ

I. Ұйымдастыру кезеңі (шаттық шеңбері)

Тәрбиеші: Балалар, бір-бірімізге күлімдеп, шеңберге тұрайық □

– Қазір біз кішкентай, еңбекқор жәндікке айналамыз. Қандай жәндік екенін білесіңдер ме?

Балалардың жауабы: Құмырсқа!

Шаттық шеңбері :

Құмырсқамыз кіп-кішкентай,

Бірақ өзі еңбекқор.

Біз де бүгін сол секілді,

Қимылдаймыз бәріміз зор!

II. Жылыту жаттығулары

Тәрбиеші:

– Құмырсқалар жолға шықты, денелерін дайындап алайық.

1□. «Антенналар»

Басты оңға-солға бұру (4 рет)

2□. «Қанатсыз құмырсқа»

Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру

3. «Құмырсқа жүрісі»

Орнында аяқтарды жай басу



III. Негізгі бөлім

1. Негізгі қимыл: еңбектеу

Тәрбиеші:

– Құмырсқалар жермен еңбектеп жүреді. Біз де қазір солай істейміз.



→ □ Тапсырма:

Балалар жұмсақ төсеніш үстімен тізе мен алақанға тіреліп еңбектейді.

Нұсқау:

- Қолымызды алға қойдық
- Тіземізді бүкпей, жай қозғаламыз
- Жарайсындар, еңбекқор құмырсқалар 🖐

2. Дидактикалық ойын: «Құмырсқа дән жинайды»

Ойын барысы:

Топта шашылған «дәндерді» (кішкентай қапшықтар) балалар еңбектеп барып, шеңберге әкеледі.

Тәрбиеші: Құмырсқалар қыста тоңбау үшін дән жинайды.

Қане, бәріміз дән жинайық!

Балалардың әрекеті:

Еңбектеп барып, дәнді алып келеді.

Дамытушылық әсері:

- ✓ еңбектеу
- ✓ кеңістікті бағдарла ✓ ұжымдық әрекет



Сергіту сәті :

Құмырсақалар жүреді,
Алға қарай еңбектеп.
Шаршаса да тоқтамай,
Еңбек етеді ер жетіп.

(♪ музыкамен өлеңпен қимыл)

(Балалар еңбектейді,
тұрады, қайта отырады)





V. Қимылды ойын: «Құмырсақ жолы»

Ойын шарты:

Балалар шеңберлерден еңбектеп өтеді.

Тәрбиеші:

- Бұл – құмырсақаның тар жолы.
- Абайлап, жолдан шықпай өтеміз.



VI. Қорытынды бөлім (тыныштандыру)

Тәрбиеші:

- Құмырсақалар шаршады, демалайық.

□♀□ Жаттығу:

Терең тыныс алу – кол жоғары

Дем шығару – кол төмен



Сұрақ-жауап:

– Біз кімге ұқсадық?

– Не істедік?

Балалардың жауабы:

– Құмырсқа

– Еңбектедік, ойнадық

Мадақтау:

– Жарайсыңдар, балалар!

– Сендер өте еңбекқор құмырсқалар болдыңдар ✨

